

Ғ.Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледжі МКҚК
жария талқылау жиынының
№1 хаттамасы

Жетісай қаласы

04.08.2025 ж.

Төрағалық етуші: Ғ.Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледж директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Н.Б.Жетібаева

Қатысқандар:

1. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары - Джетыбаева Н.Б.
2. Директордың кәсіптік оқыту жөніндегі орынбасары - Нуржаева Э.Ә.
3. Кадрлар бөлімінің меңгерушісі – Атабаев С.Ю.
4. Жастар ісі жөніндегі инспектор – Абишева Д.А.
5. «Есептеу техникасы» бөлімінің меңгерушісі, бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы – Асубаев Н.М.
6. Жетісай ауданы ішкі саясат бөлімінің “Жастар ресурстық орталығы”КММ-нің басшы орынбасары Әмір Ә.А.

Күн тәртібі:

Ғ.Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледж МКҚК –ның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілетін ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтамасына талқылау.

Жиынға төрағалық етуші Н. Жетібаева сөз алып, Ғ.Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледж басшысының 2025 жылдың маусымындағы № 177 н/қ бұйрығымен жұмыс тобы құрылып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 10.07. 2024 ж.-13.08.2025ж. аралығында барлық құрылымдар бойынша жүргізілгендігін айтып өтті.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау кәсіпорын қызметін қозғайтын нормативтік құқытық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, кәсіпорынның ұйымдастарушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағытында жүргізілді.

Нәтижесінде төмендегі нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталды:

1. Еңбек кодексінің 92-бабының 4-тармағында «Жыл сайынғы еңбек демалысына ақы төлеу – ол басталғанға дейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал еңбек демалысы демалыстар кестесінен тыс берілген жағдайда, ол берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі» деп жазылған. Бірақ Мекемеде бұл талап сақтала бермейді. Мысалы: 17.07.2025ж. №91ж/қ бұйрықпен кезекті еңбек демалысына жіберілген М.Мырзабековке еңбек демалысының ақысы 22.07.2025жылы төленген. М.Мырзабековтың еңбек демалысының ақысы кешігіп төлену себебі бас бухгалтер А.Айдарханованың 17-18.07.2025ж.ж. № 88 І/с бұйрықпен 2 күнге және 21-22.07.2025ж.ж. №89 бұйрықпен Түркістан қаласында 2 күнге іс-сапарда болғаны анықталды.

2. Мекемеде еңбек шарты тоқтатылған кезде жұмыскерге тиесілі сомаларды төлеу уақытылы жүргізілмейді. Мысалы: 27.06.2025ж. №75ж/қ бұйрықпен жұмыстан босатылған комендант Д.Нальжановаға тиесілі сомалар 11.07.2025ж.. ғана төленіп, Еңбек кодексінің 113-бабының 4-тармағында «Еңбек шарты тоқтатылған кезде жұмыс берушіден жұмыскерге тиесілі сомаларды төлеу ол тоқтатылғаннан кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі» деп жазылған талабы бұзылған.

Комендант Д.Нальжанова өзі қызмет атқарған жатақхана бойынша материалдық құндылықтарды қабылдап-өткізу актісін жасауды 11.07.2025 жылы аяқтауына байланысты тиесілі сомалары сол күні аударылғаны анықталды.

3. Мекемеде электрик жұмысын атқаратын Р.Тоқсанбаев еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан және білімін тексеруден өткізілмеген. Электр қауіпсіздігі бойынша арнайы рұқсаты жоқ. Еңбек кодексінің 182-бабы 2-тармағы

2) тармақшасында «жұмыс беруші жұмыскерлерге еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, оларға нұсқау беруді және білімдерін тексеруді өткізуге, сондай-ақ меншікті қаражаты есебінен өндірістік процесс пен жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі құжаттармен қамтамасыз етуге міндетті» деп жазылғанталабы бұзылған. Кадрлар бөлімінің меңгерушісі С.Атабаевтың мекеме қаражаты есебінен білімін жетілдіру оқуынан өтуі тиіс туралы ескертуін электрик Р.Тоқсанбаев орындамаған.


4. Мекеменің еден жуушы, электромонтер және басқа да жұмыскерлері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 943 бұйрығымен бекітілген нормаға сәйкес арнайы киім мен қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілмеген. Еңбек кодексінің 182-бабы 2-тармағы 4) тармақшасында «жұмыс беруші жұмыскерлерге қажетті санитариялық-гигиеналық жағдайлар жасауға, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нормаларға сәйкес жұмыскерлердің арнайы киімі мен аяқкиімін беруді және жөндеуді, оларды профилактикалық өңдеу, жуу және дезинфекциялау құралдарымен, медициналық қобдишамен, сүтпен немесе бірдей тамақ өнімдерімен және (немесе) диеталық (емдік және профилактикалық) тамақтануға арналған арнайы өнімдермен, жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарымен жабдықтауды қамтамасыз етуге міндетті» деп жазылған талабы бұзылған. 2025-2027 жылдарға арналған Ұжымдық шарттың 7- қосымшасымен бекітілген Директордың шаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасары М.Мырзабеков жұмыскерлердің арнайы киімі мен аяқкиімін беруді және жөндеуді, оларды профилактикалық өңдеу, жуу және дезинфекциялау құралдарымен, медициналық қобдишамен, сүтпен немесе бірдей тамақ өнімдерімен және (немесе) диеталық (емдік және профилактикалық) тамақтануға арналған арнайы өнімдермен, жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету бойынша колледж директорына мемлекеттік сатып алу үшін сұраныс түсірмеген.

Қаулы етеді:

1. Еңбек кодексінің 113-бабының 4-тармағында «Еңбек шарты тоқтатылған кезде жұмыс берушіден жұмыскерге тиесілі сомаларды төлеу ол тоқтатылғаннан кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі» деп жазылған талабы сақталсын.
2. Еңбек кодексінің 92-бабының 4-тармағында «Жыл сайынғы еңбек демалысына ақы төлеу – ол басталғанға дейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал еңбек демалысы демалыстар кестесінен тыс берілген жағдайда, ол берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі» деп жазылған талабы сақталсын.
3. Еңбек кодексінің 182-бабы 2-тармағы 2) тармақшасында «жұмыс беруші жұмыскерлерге еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, оларға нұсқау беруді және білімдерін тексеруді өткізуге, сондай-ақ меншікті қаражаты есебінен өндірістік процесс пен жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі құжаттармен қамтамасыз етуге міндетті» деп жазылған талабы сақталсын.
4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 943 бұйрығымен бекітілген нормаға сәйкес арнайы киім мен қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілмеген. Еңбек кодексінің 182-бабы 2-тармағы 4) тармақшасында «жұмыс беруші жұмыскерлерге қажетті санитариялық-гигиеналық жағдайлар жасауға, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нормаларға сәйкес жұмыскерлердің арнайы киімі мен аяқкиімін беруді және жөндеуді, оларды профилактикалық өңдеу, жуу және дезинфекциялау құралдарымен, медициналық қобдишамен, сүтпен немесе бірдей тамақ өнімдерімен және (немесе) диеталық (емдік және профилактикалық) тамақтануға арналған арнайы өнімдермен, жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарымен жабдықтауды қамтамасыз етуге міндетті» деп жазылған талабы сақталсын.

Төраға:

Хатшы:



Н.Жетібаева

С.Атабаев